

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті шығыстану факультеті қытайтану кафедрасының PhD докторанты Керімбаев Ержан Әбдрайымұлының «6D020900-Шығыстану» (тарих мамандығы) мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындаған «Қытайдың сыртқы тілдік саясаты және Қазақстанда қытай тілінің таралуы» атты диссертациялық жұмысына Отандық ғылыми кеңесші Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ профессоры Н.Мұқаметханұлының

ШІКІРІ

Қазіргі таңдағы халықаралық қатынастарда Қытай негізгі акторлардың бірі екені белгілі. Қытай әлемнің көшбасшысы болуды, жаһандану үдерісіне ықпал етуді, қытайлық құндылықтарды дүниежүзі халықтарына сіңіруді көздейді. Сол үшін олар әскери қуатын нығайтып, экономикалық-қаржылық әлеуетін асырып, жұмсақ күш ықпалын кеңейту саясаттарын қолданып келеді. Соның бір - олардың сыртқы тілдік саясаты.

XX ғасырда Қытай өзінің сыртқы тілдік саясатын мемлекеттік стратегиялық саясат деңгейіне көтерді. Сондай-ақ оны әлемнің әр елінде Конфуций институттарын құру арқылы жүзеге асырып келеді. Ендеше, Қытайдың сыртқы тілдік саясаты әлем елдерінде қалай жүргізілуде, Қазақстанда қытай тілі мен мәдениеті қалай таралуда? Оның әлеуметтік ықпалының қандай бейнелері бар? Болашақтағы қытайдың елімізге ықпалы қандай болмақ? деген сияқты көкейкесті сұрақтарға ғылыми жауап беруге арналған аталмыш диссертациялық тақырыпты өте өзекті деп санаймын.

Ержан Әбдрайымұлының тандап алған тақырыбы қытайтану категориясындағы халықаралық қатынастар саласына жатады. Сондықтан диссертациялық жұмыстың құрылымы оның қамтыған мазмұны негізінде түзілген. Бірінші тарауы «Қытайдың сыртқы тілдік саясатын зерттеудің теориялық және әдіснамалық негіздері» деп аталған. Онда ізденуші Қытайдың сыртқы тілдік саясатын «жұмсақ күш» теориясы арқылы зерттеуді, және зерттеуге қолданатын басқа да әдіснамалық негіздерді пайымдаған.

Зерттеу жұмысының «Қытайдың сыртқы тілдік саясатының қалыптасуы» деп аталатын екінші тарауында, докторант Қытайдың сыртқы тілдік саясатының негіздерін қытайдың дәстүрлі ілімдерінен, ҚХР әлеуметтік-экономикасының соңғы жалдарда қарқындауы мен мемлекеттік қуатының артуынан, Қытайдың әлемге бет алуы және оның халықаралық қатынастардағы орны мен рөлінің өзгеруінен қарастырып, ҚКП ОК съездерінің қабылдаған шешімдері мен ҚХР үкіметінің шығарған атқару құжаттары негізінде дәйектейді. Сондай-ақ қытайлық «жұмсақ күш» саясатының ерекшеліктері мен басты бағыттарын, қытай тілінің әлем елдерінде таралуының аймақтық айырмашылықтарын сол аймақтардағы мемлекеттерде өмір сүретін қытай диаспорасының ұстайтын үлесіне және

аймақтағы елдердің әлеуметтік экономикалық жағдайының Қытайға мұқтаждығына байланыстырып пайымдайды.

Диссертациялық жұмыстың үшінші тарауы «Қытайдың шет елдерде қытай тілін оқыту үдерісі» деп аталған. Бұл тарауда диссертант Қытайдың шет елдерде қытай тілін оқыту кеңістігінің жер шарын қамтуына талдау жасап, Конфуций институттарының әлемнің әр елінде құрылуы және оның атқарып отырған қызметін саралайды. Сондай-ақ қытай тілі мен мәдениетінің әлемге таралуы барысында Орта Азия мемлекеттеріне қытай тілі мен мәдениетінің таралуы үдерісін нақтылы құжаттық деректер арқылы жан-жақты пайымдайды.

Диссертацияның «Қазақстанда қытай тілі мен мәдениетінің таралуы» деп аталған төртінші тарауы – зерттеу жұмысының ең маңызды бөлігі. Сондықтан ізденуші Қазақстанда қытай тілінің оқытылуы мен қытай мәдениетінің елімізге тарау үдерісін тарихи тұрғыдан қарастырып, оны кезеңдер бойынша сипаттайды.

Қазақстанда қытай тілінің оқытылуы 1989 жылы қазіргі Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде (ол кезде С.М.Киров атындағы ҚазМУ) шығыстану факультетінің құрылуынан басталып, тәуелсіздіктен кейін ҚР-ҚХР арасында дипломатиялық қатынастардың дамуына байланысты, қытай тіліне қоғамдық қажеттілік пен Қытай үкіметінің белсенді сыртқы тілілік саясатын жүргізгендіктен елімізде қытай тілі мен мәдениеті кең көлемде тарағанын динамикалық тұрғыдан қарастырып, нақтылы деректермен дәйектейді.

Диссертациялық жұмыста автор Қазақстанда қытай тілін оқыту ЖОО жүйесінде және Конфуций институттары жүйесінде дамығандығын қарастырады. ХХІ ғасырда Қазақстанда қытай тілін оқытқындардың еселеп артуының себебіне терең талдау жасап, Қытайдың халықаралық аренадағы орны мен ықпалының артуы және Қазақстан мен Қытай арасында ынтымақтастық қатынасының тереңдеуімен байланыстырып талдау жасайды.

Қазақстандық жастардың қытай тіліне қызығуының қытай үкіметінің қытай тілі мен мәдениетін әлемге тарату саясатына байланысты екенін ашып көрсетеді. Өйткені Қытай үкіметі қытай тілін оқыту сапасын көтеру мақсатында жергілікті қытай тілі мұғалімдердің біліктілігін көтеру үшін оларды Қытайға апарып жазғы курстарда оқытуы, Қазақстанда қытай тілін оқыту құрылымдарын көбейтіп, Конфуций институтын бірінен соң бірін ашып отыруының Қазақстанның ЖОО-ны бағалау саясатына да байланысты болғанын талдап көрсетеді. Соның нәтижесінде Конфуций институттары Қазақстанның тұтас аймақтарына шахматтың тасындай орналасып, белсенді жұмыс жасап, қытай тілі мен мәдени ықпалы аясын кеңейте түсекенін талдап көрсетеді.

Диссертант Қазақстанда қытай тілі мен мәдениетін таралу бет алысының еліміздің болашақ элитасын қалыптастыратын Назарбаев зияткерлік мектебінде қытай тілін оқытуға қарай кеңейіп бара жатқанын нақты мысалдар арқылы дәлелдейді.

Ізденуші Қытай төрағасы Си Цзиньпин 2013 жылы қыркүйекте Орта Азия елдеріне жасаған сапары барысында Қазақстанда алға қойған «Жібек жолы экономикалық белдеуін ортақ құру» жобасы мен әр жылы Қытайға барып оқуға 30 мың грант бөлетінін жариялауы, Қазақстанда қытай тілі мен мәдениетінің дами түсуіне зор қозғаушы күш болды деп санайды. Содан кейін елімізде қытай тілін оқуға талапкерлердің көбеюі мен қытай мәдени ықпал аясының кеңейгендігін және оған қазақстандықтардың әртүрлі реакциясына да талдау жасай отырып, өзінің ұсыныстарын алға қояды.

Демек, ізденуші таңдап алған тақырыбын кең көлемде ашып көрсетіп, зерттеуден тың ғылыми қортындылар мен тұжырымдар түйіндеген. Яғни өзінің алдына қойған зерттеу мақсаты мен міндеттерін ойдағыдай орындаған деп санаймын.

Е.Керімбаевтың зерттеу тақырыбы бүгінгі таңда әлемдік қытайтану саласындағы өзекті мәселені зерттегенімен ерекшеленеді. Сондай-ақ диссертациялық жұмыстың ғылыми теориялық және практикалық қолданыс құндылығының ерекшелігімен сипатталады. Диссертациялық жұмыс талапқа сай жазылған, толық орындалған.

Сондықтан Керімбаев Ержан Әбдайымұлының «6D020900-Шығыстану» (тарих мамандығы) мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындаған «Қытайдың сыртқы тілдік саясаты және Қазақстанда қытай тілінің таралуы» атты диссертациялық жұмысын ашық қорғауға ұсынамын.

Отандық ғылыми кеңесші:

**Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ профессоры,
тарих ғылымдарының докторы**

 **Н.Мұқаметханұлы**

10 қыркүйек 2020 жыл

